

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші
Танирбергенова Акмарал Айдаркуловнаның «Ірі қала жағдайында қант диабетінің медициналық-әлеуметтік
және экономикалық салдарын болжау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША**

ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен бағыты 2013-2020 жылдарға арналған «ДДСҰ-ның жұқпалы емес аурулар бойынша жаһандық іс-қимыл жоспарында» белгіленген. Елімізде қант диабетін ерте кезеңде анықтау, сондай-ақ науқастар арасында асқынулардың алдын-алу шараларын жүзеге асыруда ҚР қаулысымен бекітілген ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ жалғасын тапқан 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларының стратегиялық басым бағыттарына еніп, диабеттің ауыртпалығы денсаулық сақтау саласы үшін басты мәселе деп айқындалды.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады.</p> <p>Докторант А.А.Танирбергенова ұсынған диссертациялық зерттеу жұмысы маңыздылығының толық ашылуымен ерекшеленеді.</p>

			<p>Талаптарға сәйкес докторант зерттеу барысында алынған деректерді талдап, маңызды нәтижелерді анықтады:</p> <ul style="list-style-type: none">– жалпы халықтың ҚД алғашқы сырқаттанушылық деңгейі ҚР-да 1991ж. 100 мың адамға шаққанда 68,3-тен 2020 ж. 210,3-ке, яғни 3,1 есеге, ал Алматы қаласында 2,3 есеге, сәйкесінше 91,8-ден 207,8-ге (100 мың адамға шаққанда) артқан;– 2013-2020 жылдар аралығында Алматы қаласы бойынша ҚД диагнозымен диспансерлік есепте тұрған пациенттердің саны 26220-дан 45181-ге артты, ауру 1,7 есеге өсіп, яғни өсім 58%-ды құраған;– ҚД шалдыққан пациенттерде, диабеттен басқа, «АГ» – 71%, «ЖИА» – 37,8%, «миокард инфаркті» – 12,9% бойынша диспансерлік қадағалауда. Қанттың деңгейін төмендететін таблеткаларды жартысынан көбі (57,1%), инсулинді – 21,2%, ал қосарланған түрде – 21,7% қабылдайды. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде препараттар мен инсулинді қамтамасыз етуде жиі үзілістер болатынына 70% пациенттер шағымданған. Жыл бойы 66,3% пациентті аурухана жатқызу мүмкіндігі болмаған. Медициналық оңалту еміне 77%-ы өздерінің көмекке мұқтаж екендігін көрсеткен;– ҚД ауырлық дәрежесі неғұрлым жоғары болса, оны емдеуге кететін шығындар соғұрлым жоғары және ол материалдық шығындардың көбеюіне әкелген.
--	--	--	---

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс дәстүрлі стильде, жоғары деңгейде жазылған. Зерттеу бағытын айқындау, зерттеу бағдарламасын құру, көлемін таңдау, оның барлық кезеңдерінде зерттеу жүргізуді ұйымдастыру және статистикалық бағдарламаны таңдау, деректерді өңдеу мен зерттеу нәтижелерін түсіндіру, талқылау, диссертацияны жазу, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаларды тұжырымдау, қорытындылар мен ұсыныстар докторант А.А.Танирбергенованың өз бетінше жасалынған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды;	Диссертациялық жұмыс өзекті тақырыпта жазылған. Қант диабеті – шекарасы да, әлеуметтік ортасы да болмайтын жаһандық қауіп және індет бұдан әрі жалғасады деп күтілуде. ДДСҰ диабет мәселесінің ауқымды екендігін және қазіргі жағдайды өзгерту үшін зор әлеуеттің болуын атап көрсетті. Аурумен күресуде ДДСҰ-ның жұқпалы емес аурулар бойынша жаһандық іс-қимыл жоспарында белгіленген. ҚД аурушылдық деңгейінің жоғарылауы, оның ауыр да созылмалы асқынуларының салдары ерте мүгедектік пен өлімге әкелетіндігі бұл аурудың медициналық-әлеуметтік мәнін айқындайды. Мұның бәрі диссертация тақырыбының өзектілігін көрсетеді. Мәселенің өзектілігі сол, ҚД сырқаттанушылық деңгейінің жоғарылауы, ауыр және қайтымсыз асқынулар бұл аурудың медициналық-әлеуметтік мәнін айқындайды.

		<p>2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Докторант А.А.Танирбергенова денсаулық сақтаудағы қант диабетімен ауыратындарды бақылауды және көмектің ұйымдастырылуын талдай отырып, сырқаттанушылықтың медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжауды ғылыми негіздеу мақсатын қойды. Қойылған мақсатқа жету үшін бірнеше міндет қалыптастырылды, оларды шешу үшін зерттеу объектілері әдіснамалық тұрғыдан дұрыс таңдалды. Таңдаған диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Талаптарға сәйкес докторант зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін бірқатар нәтижелерді қалыптастырды.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Бөлімдерде зерттеу нәтижелері логикалық және өзара толық байланысқан. Кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, тәжірибелік ұсыныстардан тұрады.</p>
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>А.А.Танирбергенова диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер логикалық тұрғыдан дәйекті, ғылыми негізделген және сыни талдауы бар деп сипатталады. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетел әдебиеттер көздерінен, өз зерттеулерінің деректерін сыни талдау нәтижесінде алынды, зерттелетін мәселені шешу жолдары сипатталды. Сондай-ақ, әлемдегі қант</p>

			<p>диабетінің таралуының қазіргі заманғы үрдісі, аурудың салдары мен экономикалық ауыртпалығы біздің еліміздің қант диабеті ауруының мәселесіндегі барлық ережелер мен тұжырымдар абсолютті жаңалықпен ерекшеленбейді, бірақ растау болып табылады. Яғни, бұл тұжырымдар дәлелді және негізделген, сондықтан оларды ғылыми деп санауға болады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Осы диссертациялық зерттеу жұмысы барысында алынған зерттеудің барлық нәтижелері ғылыми жаңалыққа ие, яғни толығымен жаңа болып табылады. Атап айтқанда, 1991-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында және Алматы қаласы бойынша ҚД сырқаттанушылығы бойынша статистикалық мәліметтер зерделеніп, ҚД ауруының 2025 жылға дейінгі болжамы жасалды. Алматы қаласы бойынша ҚД әсерінен туындаған мүгедектікке кешенді баға беріліп, науқастардың өміршеңдігіне талдау жүргізілді.</p> <p>ҚД ауыратын науқастардың денсаулығы мен денсаулық жағдайына аурушылықтың медициналық-әлеуметтік, экономикалық салдарына көпфакторлы талдау жүргізе отырып кешенді баға берілді.</p>

		<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда тұжырымдалған ізденуші А.А.Танирбергенованың тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтау жүйесі ғылыми бағытының дамуына белгілі бір үлес қосады. Зерттеу нәтижесінде автор жаңалықтың жеткілікті дәрежесі толығымен жаңа тұжырымдар жасады.</p>
		<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Докторант А.А.Танирбергенованың қолданған басқару шешімдері жаңа және негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Алынған нәтижелердің сенімділігі талданған материалдың үлкен көлемімен, зерттеу және статикалық өңдеу әдістерімен расталады. Докторанттың қорғауға шығарылған ғылыми жаңалығы, тұжырымдары мен қорытындыларының дұрыстығына күмән келтірмейді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың материалдары 9 ғылыми басылымда жарық көрді. Оның ішінде: 3-і Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1-і Scopus (CiteScore 2021 – 3,3, процентиль – 78) деректер базасында индекстелетін халықаралық басылымда жарияланды. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың жинақтары</p>

		<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>мен материалдарында 5 ғылыми жұмыс жарияланды. 4 енгізу актісі мен Қазақстан Республикасының авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 2 авторлық куәлік (11.05.2023 ж. № 35589, 15.05.2023 ж. № 35695) алынған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу арнайы әзірленген 5 кезеңнен тұратын бағдарлама бойынша жүргізілген және әр кезең бойынша әдіснама нақты жазылған. Ғылыми жұмыстың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: библиографиялық, ақпараттық-аналитикалық, статистикалық, прогностикалық, өміршеңдігін бағалау, социологиялық, экономикалық талдау. Сызықтық регрессиялық талдау және реттік регрессия негізінде модельдер құрылған, Хи-квадрат статистикалық тесті жүргізілген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Алынған материалды талдау заманауи статистикалық бағдарламаларды пайдалана отырып алынған. Ғылыми жұмысты зерттеу барысында алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу IBM SPSS Statistics, 23-ші нұсқасы, статистикалық деректерді өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламасы мен MS Excel бағдарламасы арқылы жүзеге асырылған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен тұжырымдары дәлелденген және жүргізілген зерттеу нәтижелерімен расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Барлық маңызды мәлімдемелер өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтеме арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациямен жұмыс барысында А.А.Танирбергенова қазіргі заманғы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарын зерделеді. Диссертациялық зерттеу жұмысында 168 әдебиет көзі пайдаланылған, оның 29-ы отандық және 139-ы шетел тілдерінде.</p>
9.	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>А.А.Танирбергенованың диссертациялық жұмысы теориялық және статистикалық материалдың жеткілікті көлемін пайдалана отырып орындалған тұтас, мазмұнды жұмыс болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс барысында арнайы құрастырылған сауалнамалық бағдарламаны ҚД әсерінен сырқаттанған немесе мүгедектікпен науқастардың медициналық-әлеуметтік мәселелерін анықтаушы құралы ретінде медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне, дәрігерлерге, медициналық-әлеуметтік сараптама</p>

			<p>ұйымдарының мамандарына пайдалануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қалалық емханалар мен медициналық-әлеуметтік сараптама қызметінде сырқаттанушылық жөніндегі мәліметтер базасын құрып, оларды динамикада бақылауға, медициналық және әлеуметтік мәселелерін айқындауға мүмкіндік бере отырып, ҚД ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмекті жетілдіруге ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінен сараптамадан өткен науқастарға «Қант диабеті әсерінен туындаған мүгедектіктің өміршеңдігін бағалау көрсеткіштері» медициналық-әлеуметтік сараптамада мүгедектікті белгілеуде куәландырылатын адамның тіршілік-тынысының шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау қажеттіліктерін айқындау шараларын жақсартуға негіз бола алады. Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа;</p>	<p>Акмарал Айдаркуловна Танирбергенованың «Ірі қала жағдайында қант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық</p>

		<p>3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>салдарын болжау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі бойынша маңызды ғылыми нәтижелері бар толығымен аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады. Жоғары академиялық сауаттылықпен қазақ тілінде жазылған. Жазу стилі ғылыми әрі түсінікті, ғылыми этикетке жүгіне отырып, жұмысты ғылыми-техникалық талаптарға сай рәсімдеген. Бұл академиялық жазу сапасының жоғары екендігін көрсетеді.</p> <p>Рецензиялау барысында принципіальді кемшіліктер болған жоқ.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың маңызды ғылыми нәтижелері ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалғандықтан, 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>
--	--	--	---

**«М. Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ
эпидемиология кафедрасының доценті,
медицина ғылымдарының кандидаты**



Handwritten signature

Тусупкалиева Кымбат Шариповна

